

Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 418 "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 1831 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 желтоқсанда № 5750 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына сәйкес, Петропавл қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29 наурыздағы № 418 (2019 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5321 болып тіркелді) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Петропавл қаласы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағанан кейін оны Петропавл қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау осы саланы басқаратын қала әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қаласының
әкімі*

Б.Жумабеков

Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 23
желтоқсаны № 1831 қаулысына Қосымша
Петропавл қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 29
наурыз № 418 қаулысына Қосымша

2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мақсаты бойынша топтар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны									
	Балабақша		Бөбекжай-бақшалар		Дербес толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталық	
	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке	мемлекеттік	жеке
Жалпы мақсаттағы топтар	-	320	4534	1696	-	738 соның ішінде: 45 орын жарты күн болатын	855	-	-	-
Санаторлық топтар	-	-	-	170	-	-	-	-	-	-
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	-	-	149	15	-	-	-	-	-	-
Бір айға арналған бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)										
Жалпы мақсаттағы топтар	-	27407	27407	27407	-	27407 6760 орын жарты күн болатын арналған	25943	-	-	-
Санаторлық топтар	-	-	-	36201	-	-	-	-	-	-
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	-	-	40862	40862	-	-	-	-	-	-
Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы бір тәрбиеленуші үшін төленетін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)										
Жалпы мақсаттағы топтар	-	3 жасқа дейін - 10435, 6 (7) жасқа дейін - 10435	3 жасқа дейін - 10435, 3 жасқа дейін - 13059	3 жасқа дейін - 10435, 3 жасқа дейін - 6 (7)	-	3 жасқа дейін - 10435, 3 жасқа дейін - 13059 жарты күн	3 жасқа дейін - 11445	6 (7) жасқа дейін -	-	-

				жасқа дейін - 13059		болумен - 0			-	
Санаторлық топтар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған топтар	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК